



«Шығыс Қазақстан облысының
қаржы басқармасы» ММ
2021 жылғы «24» қараша
№12-599/н бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

19

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік меншік құқығын «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынды жалпы басқаруды жүзеге асыратын орган Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Күршім ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Білім беруді басқару органы) болып табылады.
5. Кәсіпорынның атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 071200, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Күршім ауылдық округі, Күршім ауылы, Бунтовских көшесі, 14 үй.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.
10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

Балабақша меңгерушісі: Ақдабаева

заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: отбасының балаларды күтудегі сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде үйлесімді дамыту, баланы жалпы орта білім берудің бастапқы кезеңіне дайындау.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін қолайлы қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау;

2) балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

3) білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасау;

4) азаматтылық пен патриотизмді, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікті, мемлекеттік нышандарға құрметті, халықтық дәстүрлерді қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзімсіздікті тәрбиелеу;

5) балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, жігерлік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру;

6) мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу;

7) балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттесу;

8) үйде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек ұйымдастыру;

9) алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсету.

14. Кәсіпорын кәсіпорынды құру міндеттеріне жауап бермейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

15. Кәсіпорынның білім беру үрдісіне қатынасушылар тәрбиеленушілер, педагогтар, ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдар болып табылады.

16. Кәсіпорынның білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорын мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты негізінде ата-аналардың сұраныстарын, отбасы мен өзге де ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму және ұлттық-мәдени дәстүрлердің ерекшеліктерін ескере отырып, өз қызметінің бағдарламасын дербес әзірлей алады.

18. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес эксперимент бойынша жұмыс істеуге құқығы бар.

19. Кәсіпорынға балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) түрлерін бөлу Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының базистік оқу жоспарына, санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына, Кәсіпорынның әртүрлі жас топтарының: мектепке дейінгі топтардың жұмыс кестелеріне сәйкес белгіленеді.

21. Білім беру үрдісін ұйымдастыру ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестесімен регламенттеледі.

22. Кәсіпорында тәрбие мен оқыту үрдісі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

23. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау мақсатында «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізу» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жыл көлемінде бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіледі.

24. Кәсіпорын қызметкерлерінің штаттық саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес белгіленеді.

25. Кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен айқындалған.

26. Қызметкер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

27. Мекеме бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

28. Лицензиялауға жататын қызмет түрлерін мекеме тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

29. Ақылы қызметтерді Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынады.

30. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Білім беруді басқару органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Жергілікті атқарушы органның не Прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

32. Кәсіпорын басшының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

33. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына, дебиторлық берешекті аударуға және есептен шығаруға келісім береді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа мәселелерді шешеді.

34. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Жергілікті атқарушы органның атынан Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

2) Білім беруді басқару органының ұсынысы бойынша Кәсіпорынның мәні мен міндеттерін анықтайды, Жарғысын, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Білім беруді басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті немесе өзінің жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды не оны басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкін мақсатты және тиімді пайдалануды бақылайды;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатқа сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң Білім беруді басқару органның келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) Кәсіпорынға өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе басқаруға келісім береді;

9) Кәсіпорын мүлкін пайдалануға, оның ішінде оны кепілге беруге, жалдауға, ақысыз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға шешімдер қабылдайды;

10) Кәсіпорынның жұмыс істеу мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа мәселелерді шешеді.

35. Білім беруді басқару органы:

1) қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) қажетті көлемін анықтайды;

2) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсатын айқындау туралы ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе өзінің жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

- 7) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;
 - 8) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;
 - 9) Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастырады және таратады;
 - 10) Кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін жергілікті бюджетке аударуының толықтылығы мен уақтылығын бақылайды;
 - 11) Кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауға келіседі;
 - 12) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
36. Кәсіпорынның басқару органы оның басшысы болып табылады.
37. Білім беруді басқару органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.
38. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
39. Басшы:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар ашады;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;
 - 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Білім беруді басқару органына кандидатуралар ұсынады;
 - 9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
 - 10) жеке жауаптылықта болады:
 - қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;
 - Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін болады;
 - таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.
 - 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

40. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

41. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілген Кәсіпорынның активтері құрайды.

42. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдаға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

43. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктін (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

44. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

45. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

46. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімдер мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорынның шарттар бойынша немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

47. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

48. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

49. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 - бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 144,154,162- баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

50. Кәсіпорын жедел басқару құқығында осы Жарғының 48 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге,

дебиторлық берешекті Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

51. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

52. Осы Жарғының 51 тармағында көрсетілген мүлікпен жасаған мәмілелерден алынған ақшаны Жергілікті атқарушы орган дербес пайдаланады.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

53. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

54. Кәсіпорын өзі көрсететін қызметтерді дербес өткізеді.

55. Кәсіпорынның қызметтерінің бағаларын Білім беруді басқару органы белгілейді.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, көрсетілетін қызметтердің белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тұлғасында меншік иесінен алынған мүліктен қалыптасады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Білім беруді басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

60. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

61. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда әкімшілік –

аумақтық бірлік өз міндеттемелері бойынша облыстық бюджет каражаты есебінен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

62. Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін жыл сайын Білім беруді басқару органы белгілейді.

63. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет каражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

64. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

65. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқару органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Кәсіпорынды қайта құруды және таратуды Білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

68. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

69. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған каражатты қоса алғанда, тиісті облыстық бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

70. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Білім беруді басқару органының ұсынымы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
КМҚК меңгерушісі



Кудабоева

Н.Кудабоева



**«Шығыс Қазақстан
облысының
қаржы басқармасы» ММ
2023 жылғы «27» 03
№ 41 (с) бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

«Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 24 қаршасындағы № П-595 (к) бұйрығымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Жарғысына енгізілген өзгерістер мәтіні

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

13- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Мектепке дейінгі білім беру, оның ішінде ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиешілерді тәрбиелеу және оқыту;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында, оның ішінде қысқартылған немесе жеке;

- арнайы топтарда арнайы білім беру оны оқыту бағдарламалары бойынша бұзушылықтардың түрлері.

Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілері үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

- ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту, және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

- баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгертін ойын және тақырыптық аймақтарды, инклюзивті дамыту ортасын құру;

- азаматтылық пен патриотизмді, өз Отаны-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікті, мемлекеттік нышандарға құрметті, халықтық дәстүрлерді қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көрністерге төзімділікті тәрбиелеу;

- алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсету;

- балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттесуі;

- білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2 жастан-5 жасқа дейінгі тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі білім беру;

- Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаралымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс: Кәсіпорын жұмысы 7.30-дан 18.00-ге дейін жүзеге асырады, демалыс күндері сенбі және жексенбі;

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орыны:

- тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, суықтырылған, денсаулығын түзету және оңалтылған (көрсетілім бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;

- тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда сақталады.

Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдарда:

- мектепке дейінгі ұйыммен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзгеде заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

- тәрбиеленуші бір айдан сатам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескерпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;

- дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларды шығарылады.

3 тараудың 29 тармағы алынып тасталсын.

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы
бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
КМҚК меңгерушісі**



Н.Кудабаева

**ШҚО білім басқармасының
«Күршім ауданы бойынша білім бөлімі»
ММ басшысы**



Б.Елеубаев

**Келісілді
«Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы» ММ басшысы**



И.Чернышёва